

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы № 169 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 566 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы № 169 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамына мыналар енгізілсін:

Ержанов Аманияз Қасымұлы	Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, - т е ң т ө р а ғ а
Сыдықов Бақытбек Сапарбекұлы	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Әскери-техникалық саясат - департаментінің бастығы, тең төрағаның орынбасары
Қожахметов Марат Рахымжанұлы	Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі - Ғылыми-технологиялық даму департаментінің озық технологияларды талдау және технологиялық сүйемелдеу басқармасының бас сарапшысы, жауапты хатшы;

көрсетілген құрамнан Нұрлан Ермекұлы Сауранбаев, Нұрбек Сейітқамзаұлы Құнанбаев және Ержан Төлеуханұлы Айтақов шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев